

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысын оңтайлы ету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 22 сәуірдегі N 633

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысын оңтайлы ету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 22 сәуірдегі Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ақмола, Алматы және Қостанай облыстарының әкімдері, министрліктердің және мемлекеттік комитеттердің басшылары "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысын оңтайлы ету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын орындауға байланысты мәселелерді шешу үшін:

3 күн мерзім ішінде тарату комиссияларын құрсын;

таратылатын және қайта ұйымдастырылатын орталық атқарушы органдар аумақтық бөлімшелерінің, жергілікті атқарушы органдардың істері мен мүлкін қабылдау-өткізуді заңдарда белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін, олардың қалыпты жұмыс істеуі, қаржыландырылуы мен материалдық-техникалық қамсыздандырылуы, сондай-ақ олардың қызметкерлеріне тиісті жеңілдіктер мен өтемақылардың берілуін қамтамасыз етсін;

осы қаулыны іске асыру жөнінде өзге ұйымдастыру-құқықтық шараларын қабылдасын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Ақмола, Алматы және Қостанай облыстарының әкімдері республикалық және жергілікті бюджеттерді нақтылау туралы қажетті шаралар қабылдасын және ұсыныс енгізсін.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметіне республиканың заңдарын Талдықорған және Торғай облыстарын тарату туралы қабылданған шешімге сәйкес келтіру туралы ұсыныстар енгізсін.

4. Талдықорған және Торғай облыстары әкімдерінің аппараттарында тарату ісін жүргізу үшін 1 және 2-қосымшаларға сәйкес құрамда тарату комиссиялары құрылсын.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің орынбасары Ж.Ж.Мұқашевқа және Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрінің орынбасары Н.С.Әшімовке Талдықорған және Торғай облыстарын тарату туралы шешімдерді орындау үшін тиісінше құрылған

ведомстволық тарату комиссияларының жұмысын үйлестіру өкілеттігі

берілсін.

6. Тарату комиссиялары (Ж.Ж.Мұқашев, Н.С.Әшімов) 1997 жылдың 22 маусымына дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне осы қаулының орындалғаны туралы баяндасын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 22 сәуірдегі

N 633 қаулысына

1-қосымша

Талдықорған облысы әкімінің аппаратын тарату ісін

жүзеге асыру жөніндегі комиссияның

ҚҰРАМЫ

Мұқашев Ж.Ж. - Қазақстан Республикасы Қаржы
министрінің орынбасары, төраға

Дәмитов Қ.Қ. - Қазақстан Республикасы Экономика
және сауда министрінің орынбасары

Долженков В.А. - Алматы облысы әкімінің бірінші
орынбасары

Уайсов М.К. - Қазақстан Республикасы Әділет
министрінің орынбасары

Русинов Н.И. - Талдықорған облысы әкімінің
бірінші орынбасары

Таубаев Н.А. - Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Кеңсесі
Аймақтардың жұмысын үйлестіру
бөлімінің бас инспекторы

Утепов Э.К. - Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігінің Жекешелендіру
жөніндегі департаментінің директоры

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 22 сәуірдегі

N 633 қаулысына

2-қосымша

Торғай облысы әкімінің аппаратын тарату ісін жүзеге асыру жөніндегі комиссияның ҚҰРАМЫ

Әшімов Н.С. - Қазақстан Республикасы Экономика
және сауда министрінің орынбасары,
төраға

Елубаев М.С. - Қазақстан Республикасы Әділет
министрінің орынбасары

Дәрменбаев С.А. - Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Кеңсесі
Аймақтардың жұмысын үйлестіру
бөлімінің бас инспекторы

Қалмырзаев С.С. - Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігінің Мемлекеттік мүлік
пен активтерді басқару
департаментінің директоры

Омаров Қ.О. - Ақмола облысы әкімінің бірінші
орынбасары

Мейстер В.В. - Торғай облысы әкімінің орынбасары

Чумаков В.П. - Қостанай облысы әкімінің бірінші
орынбасары